

Каледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



24.04.2017 ж. Тараз – Арена спорт сарайында Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен Жамбыл облысындағы техникалық және кәсіптік білім мекемелерінің студенттері арасында «Жастар – терроризм мен экстремизмге қарсы» деген ұранымен спартакиада (қалалық іріктеу кезеңі) өтті. Аталмыш жарыста спорттың 6 түрінен (кіші футбол, волейбол, үстел теннисі, асық ату, армрестлинг, жеңіл атлетика) спортшылар сынға түсті. Жарыстың қорытындысы бойынша Жамбыл медициналық колледжі кіші футболдан - I орын, үстел теннисінен 307 топ студенті Рақымбай Манас – II орын, асық атуда – 108 топ студенті Нышан М. – II орын, армрестлингтен - 221 топ студенті Белоносова С. – II орын, жеңіл атлетикадан - 211 топ студенті Даримбетова О. III орын иеленді. Жалпы командалық есепте ЖМК құрама командасы жүлделі III орынға ие болды.


“Тәрбие - білім негізі”



26.04.2017ж. Чернобыль атом электростанциясындағы апаттың жойылғанына 31 жыл толуына орай «Жеңіс» саябағында Чернобыль апатын залалсыздандыруға қатысушылар мен қару -жарақтан зардап шеккендердің ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне колледж студенттері қатысты.



03.04.2017ж. Студенттер кәсіподақ ұйымының мүшелері Халық қаһарманы Ғ.Байтасовтың туылған күніне орай, батырды еске ала отырып, оның ескерткішіне гүлшоқтарын қойды.



21.04.2017 ж. Жамбыл медициналық колледжінің оқытушыларына Тараз қаласындағы діни экстремизмнің алдын алу және болдырмауға бағытталған №1 мобилдік тобының мүшелері Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу орталығының» инспекторы Ж. Өзбекалиев, Жастар ресурстық орталығының дін проблемаларын талдау секторы Б.Алтынбек және Тараз қалалық мәслихаты аппаратының бас маманы Д.Инкарбекова ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



10.04.2017 ж. күні Жамбыл медициналық колледжінің I курс студенттері арасында 7 – сәуір Бүкіл дүниежүзілік денсаулық күніне орай, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қолдау және жүзеге асыру мақсатында, дәстүрлі түрде «Спорттық би» жарысы ұйымдастырылып өткізілді. Жарыстың қорытындысы бойынша «Бас жүлде» номинациясына 109 топ студенттері ие болды, I орынды – 102 топ, II орынды – 112 топ және 107 топ; III орынды – 113, 111, 110 топтар иеленді. «Үздік киім үлгісі» номинациясына 108 топ ие болды.

«Қазақстан студенттерінің Альянсы»



19.04.2017 ж. Жамбыл облысы «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының ұйымдастыруымен «Ардагерлерді ардақтайық» Республикалық жоба ісі аясында, колледждің белсенді білімгерлері қайырымдылық акциясына қатысты.



13.04.2017 ж. «Қазақстан студенттер Альянсы» РСҚ-ның 12 жылдығына арналған мерекелік іс-шарада Жамбыл медициналық колледжінің «Альянс» бөлімшесі «Үздік бөлімше» номинациясын иеленді.



01.04.2017 ж. «Бәйтерек» мөлтек ауданы, облыстық балалар ауруханасы маңында ұйымдастырылған сенбілікке колледждің жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б.Уркимбаева және колледждің студенттері белсене қатысты.



27.04.2017 ж. Колледждің «Альянс» ұйымының белсенді мүшелерінің ұйымдастыруымен Ақтөбе, Ақмола және Қарағанды облысындағы су тасқынынан зардап шеккен отбасылар үшін қайырымдылық акциясын өткізді.

30.04.2017 ж. «Жас Отан» Жастар қанатының ұйымдастыруымен «Жас Отан» Жастар қанатының төрағасы болған студентіміз Еркебұлан Жапаш мен Нұрғиса Арнұрұлына арналған футбол турнирі өткізілді. Колледждің студенттері кәсіподақ ұйымына қаржылай демеу көрсетті. Бұл іс-шараға колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова, директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Қуанышбекова, Студенттер кеңесінің төрағасы Е.Т.Жанұзақ, «Денешынықтыру» пәнінің оқытушысы және «ЖМК» футбол командасының жаттықтырушысы А.М.Ниязқұлов қатысты. Аталған турнирде 16 командадан суырылып алға шыққан «ЖМК» футбол командасы жеңіске жетті. Команданы облыстық «Жас Отан» жастар қанатының төрағасы У.Б.Болатбек арнайы кубокпен, медальмен және қаржылай сыйлықтармен марапаттап құттықтады.

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі №20, Жамбыл медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



Каледж тынысы

№8 10 мамыр 2017 жыл сәрсенбі

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



01.05.2017 ж. 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай «Көне Тараз» мәдени орталығында колледж студенттері шешен және әзірбайжан ұлтының көрмесін көрсетіп, өнерін насихаттап, ас мәзірлерін жасады. Облыс әкімі К.Н. Көкрекбаев мерекеді көрмені тамашалап, би билеп, жылы лебізін білдірді.



Құрметті Жамбыл медициналық колледжінің ер-азаматтары, Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушы күні мейрамымен құттықтаймыз! Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге нығайып, әлем таныған абыроймен жетулеріне ардақты ер азаматтарымыздың өлшеусіз үлес қосқандығы ақиқат. Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтып, баршаңызға мереке қайырлы, құтты болсын дегіміз келеді! Әрбір шаңыраққа шаттық пен бақыт, отбасының аманшылығын, еліміздің өсіп-өркендей беруін тілейміз. Аспанымыз әрқашанда ашық болсын!

№1 Жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері ЦӘК ұйымдастыруымен "Ерлер – жердің қорғаны, ел тұтқасы" атты мерекелік іс-шара өтті. Мерекелік іс-шараны колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова мерекенен шын жүректен құттықтау сөздерімен ашты. Сонымен қатар колледж ұжымына кәсіподақ төрайымы Ф.Қ.Жапарқұлова шығармашылық табыстар тілей отырып, сыйлықтар табыстады. Іс-шарада әсем ән шырқалып, би биленді. Колледж ұжымы көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.



09.05.2017 ж. Ұлы Жеңістің 72 жылдығына орай «Мәңгілік алау» мемориалында гүл шоқтарын қою рәсіміне және «Қаһарман Ұлт – Бессмертный полк» атты шеруге колледждің директоры Ж.Н.Сарыбекова бастаған колледж оқытушылары мен студенттері қатысты.



Бүгінгі нөмерде:

- 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр - Отан қорғаушы күні
- 9 мамыр - Жеңіс күні
- Әдістемелік кеңес
- Ашық тәрбие сағаттары
- Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту орталығында өткізілген іс-шаралар
- “Интернет орнына кітап” акциясы
- Облыстық “Үздік аға медбике - 2017” байқауы
- Құттықтаймыз!
- “Тәрбие - білім негізі”
- «Қазақстан студенттерінің Альянсы»

Соғыстың соңғы көктемі

Жасылмен боян қойған ба?! Жап-жасыл таудың бөктері Қырлар да, мынау ойлар да, Жап-жасыл болып көктеді.

Аспан да, сірә, көктеді. Бойына таудың асылып, Шұғыла тұрды, көк меңі. Қызғанып, гүлін жасырып,

Соғыстың соңғы көктемі. Көп болды, жасыл тауларға, Жап-жасыл бұлттар шөккелі. Әкелді шуақ бар маңға,

Қылтанақтар да көктеді. Соғыстың соңғы көктемі. Жап-жасыл шыбық, тал-дағы, Орманның жасыл шекпені.

Соғыстың соңғы көктемі. Соғыстың соңғы көктемі, Көп болды нұрын төккелі. Жап-жасыл анау аспан да,

Қуанта, бірақ, алмады, Сонау бір үйді шеттегі, Соғыстың соңғы көктемі...

Мұқағали Мақатаев

Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Әдістемелік кеңес

26.04.2017 ж. әдістемелік кеңес өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. Мейірбике ісі негіздері» пәні бойынша тәжірибе сабағында студенттердің жұмыс орнын жаратқандыру. (Жауапты: Дүйсембаева Ұ.Е.).
2. №1, №2, №3, №4 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдык әдістемелік комиссиялар жұмысының ұйымдастырылуы. (Жауапты: Тұрсынбаева Р.К.).
3. Колледждің психологиялық қызметі жұмысының талдауы. (Жауапты: Үсенов Р.Б.)



Ашық тәрбие сағаттары

28.04.2017ж. 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлік мерекесіне арналған қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағытының «Бірлігіміз жарасқан, Тәуелсіз ел Қазақстан!» тақырыбында колледж ішілік ашық тәрбие сағатын «Мейіргер ісі» бөлімінің 105 тобы, кураторы А.С.Ташмаханбетова өткізді. Мақсаты: қазақстандық патриотизмге, елін, жерін сүйуге және халқын құрметтеуге, өз халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын және басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін сыйлаға тәрбиелеу. Тәрбие сағаты жақсы деңгейде өтіп, өз мақсатына жетті.



05.05.2017 ж. 9 мамыр Жеңістің 72 жылдығына арналған қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағытының «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» тақырыбында колледж ішілік ашық тәрбие сағатын «Емдеу ісі» мамандығының «Акушер» біліктілігі 322 тобы, кураторы О.А.Махамбетова өткізді. Мақсаты: Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, студенттерді жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, дүние жүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайтуға тәрбиелеу. Тәрбие сағаты жақсы деңгейде өтіп, өз мақсатына жетті.



Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту орталығында өткізілген іс-шаралар

10.04.2017. – 22.04.2017 жылы ақилы негізде, орыс тілде «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша «Наркологиядағы мейірбике ісі», «Дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек көрсетудің жалпы мейірбикелік технологиялары» атты циклдар өткізілді.



21.04.2017 ж. ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының негізінде «Массажист» біліктілігі бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқыту ұйымдастырылды.



17.04.2017ж. Біздің кітапханамызда «Интернет орнына кітап» атты бір күндік акция өтті. Кітапханашылар көрме ұйымдастырып, оқытушылар мен студенттерге библиографиялық шолу өткізді. Акцияның мақсаты:

1. Кітаптарды насихаттау.
2. Рухани дамуға үгіттеу.
3. Ұлы ақын, жазушылардың еңбектерін дәріптеу.



Облыстық “Үздік аға медбике - 2017” байқауы

04.05.2017 ж. Халықаралық мейірбике күніне арналған орта медициналық білімі бар мамандар арасында өткізілетін «Үздік аға медбике - 2017» атты облыстық байқаудың II туры өткізілді. Байқаудың II туры 3 кезеңнен құралған. 1 кезең – сайыскердің шығармашылық потенциалын бағалау. 2 кезең үш тапсырмадан құралған: 1. Парентеральды инъекция техникасы: бұлшық етке, көк тамырға инъекция енгізу және көк тамырға жүйемен инфузия жасау; 2. Сыртқы қан кетуді тоқтату, жараны алғашқы өңдеуді жүргізу; 3. Жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу. Әділқазылар шешімі бойынша «Үздік аға медбике - 2017» кәсіби байқауының жеңімпаздары анықталды. I орынды «№2 Қалалық ауруханасы» реанимация бөлімінің аға медбикесі У.С.Иманкулова, II орынды «Жамбыл облыстық наркологиялық диспансерінің» аға мейіргері М.М.Миразизов, III орынды «Қордай аудандық орталық ауруханасы» балалар бөлімінің аға медбикесі А.О. Қуанышбекова және «Қалалық перинаталдық орталық» жүкті әйелдер патологиясы бөлімінің аға акушері Н.К.Дауталиева иеленді. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталды.

Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Сонымен қатар әділқазылар 2 тур қорытындысы бойынша кәсіби байқау номинацияларын тағайындады. «Мамандыққа адалдығы» номинациясын «Жамбыл аудандық орталық ауруханасы» қабылдау бөлімінің аға медбикесі А.Н.Рсалиева, «Ең үздік тәжірибелік дағдылары үшін» номинациясын «Т.Рысқұлов аудандық орталық ауруханасы» терапия бөлімінің аға медбикесі А.С.Ошақбаева, «Ең үздік коммуникация дағдылары үшін» номинациясын «Талас аудандық орталық ауруханасы» ота бөлімінің аға медбикесі П.П. Ширявская, «Ең үздік менеджер» номинациясын «Жуалы аудандық орталық ауруханасы» терапия бөлімінің аға медбикесі А.Б.Жұмамұрат жеңіп алып, сертификаттарға ие болды.



Құттықтаймыз!



6.04.2017 ж. Омбы қаласында өткен Халықаралық «Чемпионат профессионального мастерства «Территория неотложной помощи» байқауының II-ші кезеңіне Ресейдің медициналық колледждері, ҚР-ның бес мемлекеттік медициналық колледждері қатысты. Халықаралық байқауға Жамбыл медициналық колледж студенттерінің белсенді қатысқаны үшін директор Ж.Н.Сарыбекова Алғыс хатпен марапатталды.



7.04.2017ж. Шымкент қаласындағы Шымкент медициналық колледжінің базасында өткен «Үздік фармацевт – 2017» атты Республикалық кәсіби байқауында 430 топтың

студенті М. Шитова I жүлделі орынды жеңіп алып, Мақтау қағазымен марапатталды.



6.04.2017 ж. Омбы қаласында өткен Халықаралық «Чемпионат профессионального мастерства «Территория неотложной помощи» байқауында 407 топтың студенті М. Забидова «Проведение транспортной иммобилизации» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды және байқау қорытындысы бойынша II-ші жүлделі орынға ие болып, Мақтау қағазымен марапатталды, халықаралық Сертификатқа ие болды. Жетекшісі «Балалар аурулары» пәнінің

14.04.2017 ж. Астана қаласының Астана жоғарғы медициналық колледжі базасында өткен «Қазақстан Республикасы медициналық колледждерінің «Медбикелік ісі» мамандығы бойынша 2017 жылғы үздік

оқытушысы Р.О.Жантасоваға және колледждің ақпараттық технологиялар орталығының меңгерушісі А.Е. Исмаиловаға халықаралық Сертификаттар тапсырылды.

түлегі» Республикалық кәсіби байқауында Гран-при иегері 411 топтың студенті А. Сарсенова жүлделі III орынды иеленіп, Дипломмен марапатталды.

13.04.2017 ж. «АСЫЛ АРМАН» ұлттық дәстүр мен өнерді қолдау» ҚБ және Облыстық әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ – нің ұйымдастыруымен өткен облыстық «ИНАБАТТЫ АРУ - 2017» байқауына «Мейіргер ісі» бөлімінің 113 топ студенті Ж. Бақтияр мен 110 топ студенті Ж. Көпжасар қатысып, жүлделі орындарға ие болды.



14.04.2017 ж. Астана қаласында өткен «ҚР медициналық колледжінің «Медбикелік ісі» мамандығы бойынша 2017 жылғы үздік түлегі» атты республикалық байқауына қосқан үлестері үшін С.Г.Бибосынова және Э.Ж.Кудебаева Алғыс хаттармен марапатталды.



22.04.2017 ж. «Баласағұн» ОКЗ-да облыс әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен облыстық «Тараз Аруы - 2017» байқауында 10 үміткерден өнерімен, білімділігімен, парасаттылығымен алға шыққан Жамбыл медициналық колледжінің 316 топ студенті А. Орынбасар жүлделі II орынмен марапатталып, «Вице Мисс Тараз» атағына ие болды.



19.04.2017 ж. Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының 50 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ана тілі аруы және Жігіттің сұлтаны -2017» байқауында «Мейіргер ісі» бөлімінің 109 топ студенті А.Қуат мен «Емдеу ісі» бөлімінің 201 топ студенті Е.Қыпшақбаев III жүлделі орынды иеленіп, бағалы сыйлықтармен марапатталды.



ЗИАТ ғылыми-әдістемелік орталығында «Білім берудегі жаңа инновациялық технологиялар» атты II Республикалық ғылыми-тәжірибелік сырттай конференциясына қатысып, мақала жариялағандары үшін Г.А.Молдакулова сертификатқа ие болды.



ҚР Қарулы Күштерінің 25 жылдығына және Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс мерекесіне арналған XIII-ші облыстық байқауында «Сапта жүріп ән орындап» жүлделі II орынға ие болып, Мақтау қағазымен марапатталды.